



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК ӨКІЛДЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРАНДЫРУ ДЕНГЕЙІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Дүниежүзілік банк өкілдерімен кездесті. Жүздесуге халықаралық ұйымның Қазақстандағы тұрақты өкілі Андрей Михневтен өзге әлеуметтік қорғау, ада-

ми капиталды дамыту жөніндегі мамандары да қатысты. Тамара Дүйсенова Қазақстан Үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасындағы әріптестік қатынасқа оң баға беріп, халықты әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан

шаралар туралы айтты. Вице-премьер әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамыту ісінде өдістемелік, техникалық тұрғыда бірлесе жұмыс атқаруға шақырды. Дүниежүзілік банктің Еуропа мен Орталық Азиядағы әлеуметтік қорғау тәжірибесінің жетекшісі Паоло Белли еліміздегі әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен берудегі цифрландыру үрдісін ерекше атап өтті. Оның пікірінше, бұл тәжірибені өзге елдерде пайдалануға болады. Халықаралық ұйым өкілдері алдағы уақытта әлеуметтік қорғау жүйесі мен бағдарламаларды, зейнетақы саясатын дамытуға, әріптестік қарым-қатынас деңгейін жоғарылатуға мүдделі екендерін жеткізді.

primeminister.kz

2024 ЖЫЛЫ «АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 556 НЫСАНДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР



ҚР Үкіметінің кезекті отырысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды. Тақырып бойынша денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарзова баяндама жасады.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, 2023 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы іске асырылып жатыр. Жобаның аясында 3 міндет іске асырылуда:

- 1.655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанын салу;
- 2.жұмыс істеп тұрған аудандық ауруханаларды жаңғырту және оларды жарақтандыру арқылы 32 заманауи ауданаралық көпбейінді орталық аурухананы ұйымдастыруды қамтитын ауыл халқына шұғыл медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін арттыру;
- 3.ауылдағы денсаулық сақтау нысандарын медициналық кадрлармен қамтамасыз ету.

«Осы міндет бойынша 1 100 медицина қызметкерін даярлау жоспарланып отыр», — деді министр.

Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мерзімдері мен құнын оңтайландыру мақсатында медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысандарының бірыңғай оңтайлы параметрлерін сақтай отырып, жобалауға біріздендірілген тәсіл көзделген. Бірыңғай жобалаушы жергілікті атқарушы органдар қайта қолдану үшін өңірлердің климаттық және сейсмикалық ерекшеліктерін ескере отырып, нысандардың 3 түрі бойынша 16 эталондық жобаны әзірледі.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің барлық нысанында компьютерлік техникасы бар телемедицина кабинеттері көзделген, алайда құрылыс аясында телемедициналық консультациялар өткізу үшін медициналық жабдықтармен жарақтандыруға қаражат көзделмеген. Осыған байланысты ауыл халқының сапалы медициналық көмекке тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардан аталған нысандарды интернет желісіне қосу және тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету сұралды.

Денсаулық сақтау министрінің сөзінше, медициналық және медициналық емес бұйымдарды таңдау кезінде отандық тауар өндірушілердің өнімдерін басымдық берілді. Жалпы пайыздық көрсеткіш 71%-ды құрады. Ұлттық жобаның бірінші міндетінің аясында барлығы 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанын салу жоспарлануда, оның ішінде 2023 жылы 92 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанының құрылысы аяқталды, 7 жоба мерзімдері бұзылып, биыл аяқталады деп күтілуде. 2024 жылы 556 нысан

пайдалануға берілмек. «Бүгінгі таңда 239 жоба бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, 317 жоба сараптамадан өтуде. Қорытынды алудың күтілетін мерзімі — осы жылдың сәуір айы. Сол кезде біз толығымен сараптамадан өткізіп аяқтаймыз», — деді министр.

Бүгінгі таңда әкімдіктер конкурстарды өткізіп, нысандардың құрылысына 109 шарт жасалынып отыр, оның ішінде 99 нысанға жергілікті атқарушы органдардың қоса қаржыландыруы көзделген, бұл ретте республикалық бюджеттен 58 нысан қаржыландырумен қамтамасыз етілген. Жалпы 2024 жылға арналған қосымша қаржыландыру қажеттілігі 498 нысан салуға 99,6 млрд теңгені құрайды.

Биыл нысандардың құрылысын аяқтаудың жоспарланған мерзімдері: 7 нысан — биылғы маусым; 10 нысан — қазан; 226 нысан — қараша; ал желтоқсанда 120 нысан беріледі деп күтілуде.

Ұлттық жобаның екінші міндеті аясында 32 аудандық аурухананы жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 12 жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама бар, оның ішінде 9 жоба республикалық бюджеттен қаржыландырумен қамтамасыз етілген. 9 жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде, 14 жоба — әзірлеу сатысында.

Ұлттық жоба аясында 32 көпбейінді аудандық орталық аурухананы материалдық-техникалық жарақтандыруға 33,6 млрд теңге мөлшерінде шығыстар көзделген. 2023 жылы жалпы сомасы 10,5 млрд теңгеге 1 800 медициналық техника сатып алынды. 2024-2025 жылдары 23 млрд теңге сомасына 9 ангиограф, 17 МРТ, 6 КТ сатып алу жоспарланған.

«Сонымен қатар бүгінде болжамды тиімділік тұрғысынан медициналық техникамен жарақтандыру жоспарына ревизия жүргізілуде, осыған байланысты бұл сандар түзетілетін болады. Ұлттық жобаның денсаулық сақтау нысандарын медициналық кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі үшінші мінде аясында министрлік өңірлермен бірлесіп талдау жүргізді», — деді Ақмарал Әлнарзова.

655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысаны үшін кадрларға жалпы қажеттілік 254 медицина қызметкерін құрайды. 32 көпбейінді аудандық орталық аурухана үшін 898 медицина қызметкері қажет. 2023 жылы медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанына 39 жас маман және көпбейінді аудандық орталық ауруханаға 89 жас маман жұмысқа орналастырылды. Биыл осы бағыт бойынша жұмыс істеу үшін 215 грант иегерін жіберу жоспарланып отыр.

«2024-2025 жылдары ұлттық жобаның 2 бағыты бойынша өңірлер 486 дәрігермен және 323 орта медицина қызметкерімен қамтамасыз етілетін болады. Әлеуметтік пакеттер өңір қаражатының есебінен көзделетін болады. Осы мәселені әкімдердің қолдауы қажет. Ұлттық жобаны іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда және министрліктің ерекше бақылауында», — деді денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарзова.

primeminister.kz

ФЕРМЕРЛЕР МЕН ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҮКІМЕТТЕ САЛАНЫ ДАМУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Үкіметте Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен қант саласындағы проблемалық мәселелер бойынша кеңес өтті.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов атап өткендей, соңғы екі жылда қант саласына мемлекет тарапынан теңдессіз қолдау шаралары көрсетілді.

Атап айтқанда, фермерлер үшін 2023 жылы қант қызылшасы тұқымдарын және тапсырылған қызылшаның көлемін қайта өңдеуге (кг/15-тен 25 теңгеге дейін) субсидиялау нормативтері ұлғайтылды. Зауыттар қызылшаны сатып алу бағасын 10 теңгеден 15 теңгеге дейін көтерді, бұл рентабельділігі бойынша шекті дақылдармен салыстырмалы түрде алғанда, қант қызылшасының тоннасының жалпы құны 40 мың теңгеге құрады. Сонымен қатар инвестициялық субсидиялау нормативі ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлеріне, соның ішінде қызылша жинайтын комбайндарға, тұқым сепкіштерге және тыңайтқыштарға 25%-дан 50%-ға дейін ұлғайтылды.

Ал қант өндірушілер үшін 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚҚС бойынша 70% жеңілдіктің қолданылу мерзімі ұзартылды. Қамыс шикізатын импорттау кезінде ҚҚС төлеуден босатылды. Жетісу облысының қант саласын дамытуға Үкімет резервінен 1,4 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ 2024 жылдың соңына дейін үшінші елдерден 300 мың теңге көлемінде қамыс шикізатын бажсыз әкелуге арналған квотаның қолданылу мерзімі ұзартылды.

2024 жылы қант қызылшасының егіс алқабын ұлғайту және 25 мың гектарға егу міндеті қойылған. Алайда алынған өнімді шығынсыз уақтылы қайта өңдеу үшін жабдықтары өбден тозған отандық қант зауыттарын модернизациялау қажет.

«Бүгінде қамыс шикізатындағы зауыттардың жұмысы тиімсіз. Жалғыз балама — қызылшаны жеткілікті мөлшерде өсіру. Ол үшін мүмкіндігінше суармалы жерлерге егу керек. Бірақ зауыттар бұл көлемдерді өңдей алуға тиіс. Олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, Қант саласын дамытудың кешенді жоспарын пысықтау қажет. Өзара әрекеттесу шарттары екі тараптың

да мүддесіне сай болуы үшін зауыттар мен фермерлер арасында ынтымақтастықтың болғаны абзал», — деді Серік Жұманғарин.

Қазақстан қант, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Айжан Наурызғалиеваның айтуынша, қазақстандық қант зауыттары өбден ескірген. Ең алғашқылардың бірі 1967 жылы салынған Ақсу қантына 90 жыл болды, әлі күнге газдандырылмаған. Мұның бәрі өнімнің құнын арттырады.

«Қызылша көлемін ұлғайтып, зауыттарымызды модернизациялау қажет. Біз ынтымақтастыққа дайынбыз. Сондай-ақ біздің зауыттар мемлекеттік қант сатып алуға қатысуы қажет. Қазір бұл негізінен жоғары бағаға байланысты мүмкін емес», — деп мәлімдеді Қауымдастық басшысы.

Кеңес қорытындысы бойынша қант қызылшасын өсіру үшін зауыттарға суармалы жер бөлу мүмкіндігін қарастыру және көтерілген проблемалар бойынша қант зауыттарына қолдау көрсету үшін Қант саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарды пысықтау туралы шешім қабылданды.

primeminister.kz

ПІТК ЖАҒДАЙЫНДА ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Баламен үй жағдайында дене белсенділігін арттыруға арналған жаттығулар. Бұған жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, жерде бауырлап жорғалау, т.б. жатады. Осы көрсетілген қолданбалы жаттығулардың әрқайсысының организмге тиімді әсерін тигізетіні белгілі. Әрбір жаттығу жай жүруден басталады. Көбінде жаттығумен өз бетінше үй жағдайында жасау барысында алдымен денемізді қыздырамыз.

Жүгіру - дене белсенділігін арттыратын негізгі жаттығулардың бірі. Ол ішкі ағзаларға, жүрек, өкпе, буындарға айтарлықтай күш түсіреді. Сол себепті жаттығуды баяу жүгіруден бастаймыз.

Секіру - арқылы адамның қимылдары үйлестіріледі, жылдамдығы артып, буын қимылдары реттеледі. Балаларға жіптен секіру не өкшені көтеріп селкілдеу ретінде беріледі.

Лақтыру - кішкене резина доптарды арнайы межеге лақтырады немесе үлкен доптарды балалар бір-біріне әрқилы жағдайда лақтырады (басынан жоғары, кеудеден, белден, сырт айналып оң не сол жағынан т.б.) Мұндай жаттығулар бұлшық еттерін жетілдіріп, буындардың қимылқозғалысын, дененің сезімталдығын арттырып, жүріс-тұрысын, тепе-теңдік қалпына келтіреді, көңілкүйді көтереді.


Өрмелеу - көлденең

жазықтыққа, тік биіктікке, беткейге, сатыға, арқанға т.б. өрмелеу. Мұның барлығы дененің, әсіресе, аяқ-қолдың бұлшық еттерін ширатып, шынықтырып, қимылқозғалысын арттырады, тепе-теңдік қалыпты сақтайды.. Еңбектеу не бауырмен жылжу - омыртқа жотасының қимылын жақсартады.

Емдік дене шынықтырумен айналысу кезінде міндетті түрде мынадай қағидастарды білу және ұстану қажет:

1. Физикалық жүктеме біртіндеп ұлғаюы тиіс.
 2. Жаттығулардың түрлері мен қайталаулар саны белгіленетін күнделік жүргізу қажет, яғни тәртіп (режим) болуы міндетті.
 3. Гимнастика жасау барысында дұрыс тыныс алуы керек.
 4. Дененің қозғалысы көз алмасының қосалқы қозғалысымен бірге жүруі тиіс.
 5. Емдік дене шынықтырумен тамақтанғаннан кейін екі сағаттан кейін немесе тамақтанудан 30 минут бұрын айналысқан жөн.
 6. Қажетсіз міндеттерді алға қоюға болмайды. Нәтиже болмаса да қиындыққа мойымай, алға ұмытыла білу керек.
- Есіңізде болсын! Нәтиже тек еңбекпен және күнделікті жаттығулар арқылы келеді.
- Е.БЕКТЕМИРОВ,**
ЕДШ нұсқаушысы:
Ескелді ауданының «№8 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» ККМ

ӘДЕП КОДЕКСІ - МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ



және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет пен оның азаматтарының өзара қарым қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өз «қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады.

Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған әдепті сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметкерге сыртқы бейнесі, киім-күсі, қимыл-әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

Берік Оңалбайұлы ДЮСЕБАЕВ,
Ескелді ауданы өкімі аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл

АУДАНДЫҚ «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ-2024» ӘН БАЙҚАУЫ ӨТТІ



АҚПАРАТ
8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудандық мәдениет үйінде 26 ақпан күні ауыл тұрғындары арасында аудандық «Екі жұлдыз-2024» ән байқауы өткізілді. Қарапайым ауыл тұрғындарын қос дауыста ән айтуға баулу, жаңа қырынан тану, өнерге деген қызығушылығын, біліктілігін арттыру мақсатында өткен өнер байқауына ауылдық округтерден 7 жұп қатысып, өнер көрсетті. Байқауға қатысушыларды өнер саласының мамандардан құрылған әділқазы алқалары бағалап өтті. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға төмендегі марапаттаулар берілді.

III - орынмен Көкжазық ауылынан Байтурғанова Роза, Сафильдинова Динара,
II - орынмен Жалғызғаш ауылынан Сейіт Жандос, Мырзахметова Мадина,
I - орынмен Қайнарлы ауылынан Оразәлі Ардақ, Хабитан Гүлзипа, Бас жүлдемен Жетісу ауылынан Нұрзипа Жұмақанқызы, Нұрбол Нөмірбайқызы марапатталды.

Байқау жеңімпаздарына аудандық мәдениет үйі тарапынан бағалы сыйлықтар мен Дипломдар табысталды.

Ардақ ШАЙМЕРДЕНҚЫЗЫ
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС - ҚИМЫЛ

Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!

- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді және тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;

алдын алу;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы бағыттар шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта қарастыруға және жемқорлық құқық бұзушылықтар арасына нақты шек қоюға, мемлекеттік тіршілігіне азаматтық бақылау жүйесін құру және енгізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ азаматтардың көпшілік ақпаратқа еркін рұқсат алуын қамтамасыз ететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Көпшілік ақпаратқа рұқсат туралы» жаңа заңдарды дайындалып, қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шын мәнісінде, бөлек пара алушыларға қарсы күреске қарағанды әлдеқайда кең. Қылмыстық қудалау немесе заңнаманы жетілдіру шараларымен ғана жағдайды өзгертуге болмайды.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы ұжымы да осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.БАШАБАЕВА,
Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ИНСУЛЬТМЕН АУЫРАТЫН 76 ЖАСТАҒЫ НАУҚАСҚА БІРЕГЕЙ ОТА ЖАСАЛДЫ



Жетісу облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде инсультті емдеуде алғаш рет инновациялық тәсіл қолданылды.

Талдықорған қаласының облыстық ауруханасының дәрігерлері сол жақ ортаңғы ми артериясы бассейнінде жіті ишемиялық инсультпен ауыратын науқасқа бірегей операция жасады.

Өңірде алғаш рет қолданылатын емдеу әдісі «стент-ретривердің көмегімен механикалық рентгенэндоваскулярлық тромбозэкстракция» деп аталады. Ол мидың бітелген тамырынан тромбты механикалық түрде алып тастауға мүмкіндік беретін арнайы медициналық құралды - стент-ретриверді қолдануға негізделген.

Процедура рентгендік бақылау арқылы жүзеге асырылады, бұл дәл және қауіпсіз араласуды қамтамасыз етеді.

Нейрохирург дәрігер Айрат Жүнісовтың айтуынша, бұл әдістің бірегейлігі оның минималды инвазивті сипаты мен жоғары тиімділігінде.

«Процедура барысында біз мидың бітеліп қалған тамырына стент-ретриверді енгіземіз, ол тромбты ұстап, оны алып тастайды, қалыпты қан айналымын қалпына келтіреді және мидың зақымдануын болдырмайды. Бұл әдіс қан ағымын тез және тиімді қалпына келтіруге мүмкіндік береді, бұл инсульттің әсерін айтарлықтай азайтады және науқастың денсаулық жағдайын жақсартады. Операция үш сағатқа созылды, науқас нейрохирургия бөліміне ауыстырылды», - дейді Айрат Жүнісов.

Дәрігер атап өткендей, бұл операцияны инсульт басталғаннан кейінгі алғашқы 6 сағатта ғана жасауға болады, сондықтан ауруханаға уақтылы бару және инсультті ерте анықтау өте маңызды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында инсультті емдеу әдістерінің қарқынды дамуы байқалады. Табысты іске асырудың негізгі аспектілерінің бірі-оның қол жетімділігі. Инсультпен ауыратын науқастар сапалы емделуге және қосымша қаржылық шығындарсыз қалпына келу мүмкіндігіне қол жеткізе алады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ПИЩЕВЫЕ ОТРАВЛЕНИЯ, БОТУЛИЗМ!

В целях предупреждения отравления среди населения в канун праздников особенно повышается количество случаев отравления пищевыми продуктами.

Отравиться можно практически любыми продуктами, качество которых оставляет желать лучшего. В некачественных продуктах накапливаются токсины, продукты распада и жизнедеятельности. Все это разлагается и приводит к развиту бактерий. При попадании этих бактерий в организм человека происходит отравление. Основная проблема состоит в том, что не все продукты можно проверить на качество. Многие продукты не изменяют ни цвет, ни вкус спустя долгое и недоброкачественное хранение, а недобросовестные продавцы сознательно маскируют протухший товар и продают его. В результате люди получают тяжелой степени отравление. В основном выделяют грибное, мясное, рыбное отравление, а также отравление токсинами стафилококка.

Время заражения организма токсинами различно: от нескольких минут до нескольких часов. Зависит это от качества пищи, а также количества съеденных плохих продуктов, то есть от концентрации токсинов, поступивших в организм.

Самыми первым симптомом отравления являются боли в животе. К ним

через некоторое время может присоединиться диарея по 10-15 раз в сутки и частая рвота. Еще спустя некоторое время появляется озноб, ломота в теле и костях, головная боль и высокая температура.

Отдельно хотелось бы рассказать о ботулизме – как самом тяжелом пищевом отравлении, которое способно унести человеческую жизнь.

Ботулизм возникает из-за поедания продуктов, зараженных спорами ботулинической палочки. Такое заражение происходит в продуктах только при отсутствии доступа кислорода, а именно: в домашней консервации, различных консервах или в нижних слоях мяса. Ботулизм опасен еще и тем, что даже при очень качественной термической обработке споры ботулинической палочки погибают только при температуре 150 градусов и выше.

Симптомы ботулизма отличаются от симптомов пищевого недомогания, что очень важно при диагностировании такого отравления. Первые симптомы ботулизма могут появиться приблизительно через час после поступления в организм некачественно пищи. Сначала все начинается с болей в желудке, как будто вас режут. Почти сразу же к боли присоединяется постоянная рвота, не дающая отдыха.

Через пару часов у заболевшего бо-

тулизмом ухудшается зрение: как будто туман перед глазами или же пелена на глазах. Спустя еще один час у больного образуется сильное слюноотечение, исчезает речь, а также возникает затруднение при глотании пищи. Еще через некоторое время развивается паралич мышц, причем даже тех, которые присоединены к легким. Если вовремя не предпринять меры, то в большинстве случаев такая «вкусная» трапеза обратится летальным исходом.

Сложностью при отравлении ботулизмом является то, что единственным спасением является только быстрое введение противоботулинической сыворотки.

Самой главной профилактикой различных отравлений является использование качественных продуктов, а также соблюдение их правильного хранения. Нельзя покупать пищевые продукты в стихийных местах торговли, не покупайте продукты сомнительного качества. Консервы или домашние заготовки, советуем не использовать вздутые банки или домашние консервы, которые простояли в погребе несколько лет и всегда придерживайтесь элементарных правил личной гигиены.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель УСЭК
Т. ЖАКИШЕВ
Главный специалист УСЭК

ТУБЕРКУЛЕЗ И ЕГО ПРОФИЛАКТИКА



Специалистами кабинета ЗОЖ совместно с врачом фтизиатром и школьной медсестрой для учащихся Жалгизагашской средней школы была организована и проведена лекция «Туберкулез и его профилактика».

Во время лекции были подробно рассмотрены основные пути передачи туберкулезной палочки, факторы риска заболевания и существующие

способы диагностики, а также разоблачены известные мифы о туберкулезе.

Особое внимание было уделено таким симптомам, как кашель, продолжающийся больше 2-3 недель; боли в груди; слабость, одышка; потеря веса; повышенная температура и ночной пот. При наличии указанных признаков следует обратиться к врачу.

Самое главное в предупреждении туберкулеза и многих других заболеваний – здоровый образ жизни, включающий в себя соответствующую физическую активность, рациональное питание, соблюдение гигиены и, конечно же, исключение табакокурения и других вредных привычек.

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ!

Мейрам күндері кезеңінде халық арасында тағамнан улану фактілерінің тіркелуі жағдайы күрт жоғарылауы мүмкін. Осыған орай тағамнан улану деген түсінікке тоқталып өтуді жөн көрдік.

Тағамнан уланулар – бұл табиғаты микробты және микробсыз болатын, ауру тудырушы микроорганизмдердің немесе олардың әр түрлі токсиндерімен және сонымен қатар улы заттармен ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын жедел инфекциялық ауру. Ең қауіптісі тағамдық токсикоинфекция және микробты табиғаттың интоксикациясы.

Сапасыз азық-түлікті тамаққа қолдану кезінде, олар дұрыс дайындалмай және дұрыс сақталмаса тағамнан улану – тағамдық токсикоинфекция туындауы мүмкін. Сапасыз өнімдер дегеніміз – түрлі микроорганизмдермен және токсиндермен жұқтырылған азық-түліктер. Жануарлардан алынатын өнімдер ең қауіпті болып табылады (ет, балық, шұжық, консервілер, сүт және одан жасалатын бұйымдар – кремді бар кондитерлік өнімдер, балмұздақ). Әсіресе уақталған ет – паштеттер, фарш, іркілдек оңай жұқтырылады.

Тағамдық уланудың алғашқы белгілері тамақ ішкеннен кейін 2-4 сағаттан соң көрінуі мүмкін (кейбір

жағдайларда 30 минуттан кейін), 20-26 сағаттан кейін де білінуі мүмкін. Көбінесе бұл токсиннің түріне және дозасына және адамның иммун жүйесінің жағдайына байланысты. Тамақтан улануды болдырмаудың бірнеше, яғни тағамдарды сақтау және дайындаудың қарапайым қағидаларын орындау керек:

- қауіпсіз азық-түлік өнімдерін таңдау;
- тамақты дұрыс дайындау;
- тағам дайын болғаннан кейін мүмкіндігі бойынша бірден тамақтану;
- жаңа дайындалған тағамдарды кешегі дайындалған тағамдар қалдықтарымен араластырмау қажет, егерде дайын тағам ертеңгі күнге қалған жағдайда, оны пайдалану алдында мұқият термиялық өңдеуден өткізу қажет (қайнату немесе қуыру);
- шикі және піскен азық-түлік өнімдері арасындағы байланысқа жол бермеу;
- жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау, қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, әсіресе ас ішер алдында және дәретханадан кейін;
- қайнатылған, бөтелденген немесе сапалы, таза ауыз суды пайдалану;
- көкөністер мен жемістерді пайдаланар алдында үнемі ағымды сумен жуып пайдалану, ал балаларға қайнатылған сумен жуып беру;
- тез бұзылатын тағам түрлерін

және дайын тағамды тоңазытқышта 2-6 С температурада сақтау;
— кремді –кондитерлік өнімдерді жарамдылық мерзімдері өткеннен кейін пайдаланбау;
— үйдегі қоқыстарды және тағам қалдықтарын уақытылы шығару;
— үнемі ас үйді таза ұстау және жеке бас гигиенасын сақтау.
Қазіргі таңда үй жағдайында тағам өнімдерін дайындайтын жасырын тағам өнімдерін өңдеу, дайындау, өндіру объектілерін әшкерелеу жұмыстарын жүргізу аса маңызды орын алып отыр.

Осындай жасырын орындардан өндірілген тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасы әлбетте үлкен күмән тудырады. Бұндай тағам өнімдері халық арасында тағамнан улану жағдайының тіркелуі және аса қауіпті эпидемиологиялық ахуал тудыруы сөзсіз.

Жоғарыда айтылған қағидаларды сақтай отырып Сіз өзіңізді және жақындарыңызды аурудан сақтайсыз.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы
Т. ЖАКИШЕВ,
Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

МЕСЯЧНИК КАЧЕСТВА



В стенах ФАП села Жалгизагаш и Абай в целях улучшения качества оказания медицинской помощи под девизом «Месячник качества» проведен мониторинг по туберкулезу. В ходе однодневного мониторинга специалистами врачами районного противотуберкулезного кабинета и специалистами кабинета ЗОЖ среди медработников проведен обуче-

ние-совещание по профилактике туберкулеза.

В завершении всем участникам напомнили, что своевременное прохождение населением флюорографического обследования и вакцинация являются основными видами профилактики туберкулеза.

Будьте внимательны к своему здоровью и здоровью своих близких!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ-ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуына қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қатер төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Жастардың алған білімдері оларға өмірде сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерімен жанаспауға көмектеседі деп сенгім келеді. Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы! Болашақ жас ұрпақтың қолында!


жетілдірілуде. 2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған жаңа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады. Стратегияда айқындалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түйінді бағыттары:

- Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- мемлекеттік және жеке секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

В Михренин, Лесник Коксуское песничество

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

ЛАВИНА – ОПАСНОЕ ЯВЛЕНИЕ



В связи с наступлением лавиноопасного периода, освоение гористых территории встречается с характерными и опасным явлением природы – снежными лавинами.

Во избежание чрезвычайных ситуаций, а также с целью обеспечения надежной защиты населения и хозяйственных объектов от воздействия опасных природных явлений зимнего периода необходимо предусмотреть меры обеспечивающие безопасность людей.

Лавина – быстрое, внезапно возникающее движение снега и льда вниз по крутым склонам гор, представляющее угрозу жизни и здоровью людей, наносящее ущерб объектам и окружающей природной среде.

Лавины очень часто угрожают населенным пунктам, спортивным и санаторно – курортным комплексам, железным и автомобильным дорогам, линиям электропередачи, и другим объектам и сооружениям рас-

положенных в зоне риска. К лавинообразующим факторам относятся:

- высота снежного покрова;
 - плотность снега;
 - интенсивность снегопада;
 - оседание снежного покрова;
 - изменения температурного режима воздуха и снежного покрова;
 - метелевое перераспределение снежного покрова.
- В отсутствие осадков схож лавин может быть следствием интенсивного таяния снега под воздействием тепла, солнечной радиации и процессом перекристаллизации, приводящих к разрушению снежной толщи и ослаблению прочности и несущей способности отдельных слоев.
- Формирование лавин происходит в лавинном очаге, представляющем собой участок склона и его подножия, в пределах которого движется лавина.
- Лавиноопасный период в респу-

блике обычно продолжается с декабря по апрель. Однако, в отдельные годы сходят уже в ноябре, а последние в мае. В гляциальной зоне лавинная опасность сохраняется круглый год.

Причиной схода лавин чаще всего являются интенсивные снегопады, а также глубокие оттепели и весеннее снеготаяние, воздействие человека или животных.

В качестве защитных мероприятий на этих территориях применяется прогноз лавинной опасности.

Для защиты от лавин применяется ограничение доступа населения и автотранспорта во время лавинного периода.

При лавинной опасности нахождения в зоне риска не рекомендуется, а в отдельных случаях вводится ограничение доступа или полный запрет выезда в виде блокировок.

При необходимости проводятся профилактические спуски снежных лавин при помощи взрывов.

Для обеспечения лавиной безопасности предусматривается строительство защитных инженерных сооружений (лавинозащитные сетки, щиты, галереи, стенки и др.)

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ!

1. Не игнорируйте информацию о предупреждениях компетентных органов.
2. Постоянно следите за сообщениями средств массовой информации об обстановке в горах.
3. Не останавливайтесь на отдых на лавиноопасных участках.
4. Соблюдайте максимальную осторожность при движении по лавиноопасным участкам.

Алғыс алған арымас,
Қарғыс алған жарымас – деп
дана халқымыз бекер айтпаса
керек.

АЛҒЫС АЛҒАН АРЫМАС!

де осындай ұлы нәпірдің ара-
сында жоғалып кетпей сақтап
қалған қасиетін де ерекше атап




Алғыс алудың орны бөлек,
қарғыстың жөні бөлек дейміз
бе? Қалай өзі? Әр адам өмір
бесігінің есігінің ашқан сәттен
бастап, алғысқа бөленген.
Әрбір тіршілік иесі, тіршіліктің
дәмін татқаны үшін алғыс
айтуы міндетті. Таңның
атысы мен күннің батысын
көргеннің өзі жақсылық. Демек
жақсылыққа толы өмірдің
өзінде пенденің бәрі тәубешіл,
рақымшыл болса, нұр үстіне
нұр болар! Бірақ, кей тіршілік
иелері бірін түсінсе, енді бірін
түсіне бермесі бар. Пендеміз
ғой! Тұсауымыз кесілген соң,
жығылып-сүрініп бала кезде
талай мәрте жерден таяқ жеген
едік. Өсе келе оң-солды
танып, аяғымызды нық ба-
сып, алға қарай жүріп келеміз.
Алайда, пенде болған соң, кейде
сүрініп кетеміз. Бұл қалай?
Кім жауапты? Тұсауы дұрыс
кесілмеген қалған, болмаса
қоғам мен ортасы әсер етті
деп жатамыз. Заман өзгертті,
заманына қарай адамы деп тон
пішіп те жатады. Бұл дұрыс
па? Әлде бұрыс па? Әркімнің
өз пікірі, өз ойы өзіне дұрыс.
Адамның дұрыс өмір сүруіне
тұсау кескеннің не қатысы
бар. Болар бала боғынан деп
жатамын ата-бабаларымыз.
Ал қоғам мен ортасы ше?
Қоғам деген не? Ол кім, бұл не?
Тағы да сұрақ. Барлық адам-
дар қоғамның мүшелері. Әрине,
қоғамның өз ерекшеліктері,
қоғам ішіндегі жеке
тұлғаларды басқаратын даму
заңдылықтары бар. Дегенмен,
«қоғам» ұғымының өзі «қоғам»
сөзімен мүлде синоним бола
алмай, басқа нәрсені білдіруі
мүмкін. Мысалы, ортақ хобби
немесе мақсаттар арқылы
біріктірілген адамдар тобы
да «қоғам» болып табылады.
Тіпті әрбір отбасы «қоғам»
болып табылады. Мектептегі
сынып, балабақшадағы топ
та қоғам. Концертке немесе
театрландырылған қойылымға
залда отырғанда келген көрермен
жеке қоғам болып табылады.
Және осы «қоғамдар» мысалдарының
әрқайсысында олардың өзіндік
белгілерінің, ережелерінің,
даму заңдылықтарының және
әлеуметтік құрылымдарға тән
басқа элементтердің болуын
байқауға болады.

Қоғам қоғамға қарағанда
кеңірек ұғым. Бұл ортақ
көзқарастар, мақсаттар,
қажеттіліктер, мүдделер не-
месе басқа нәрсе арқылы
біріктірілген адамдар тобы.
Қоғам қоғамға айналуы мүмкін.
Мұндай метаморфоздың мы-
салы - тұрғындары әлемнің
қалған бөліктерімен қажетсіз
байланыс жасамайтын ескі
сенушілердің қоныстары.
Әрбір адамзат қоғамында
адамдар арасындағы ішкі
қатынастарды құрудың
өзіндік моделі және белгілі

көзге түседі. Олар
пысық, жауапты және
жылдам жұмыс істейді.
Бірақ, көшбасшының
өзі бірнеше түрге
жіктеледі. Бірінші, бәрін
артынан ілестіріп,
жол көрсететін болса,
екіншісі өзінің бас пайда-
сы үшін жұмыс істейді.
Көшбасшы қандай болуы
тиіс?

Біріншіден, ол барлық
топқа ұнауы тиіс.
Өйткені, тек пысықтық
қана бар, ал адамдармен
байланыс білмейтін
көшбасшының арты-
нан ерген көш жан-жаққа
ыдырап кетеді. Міне,
қоғамның ұғымы. Орта
ше? Орта әркімге жеке берілген
орта. Орта адамды өзгертуі
мүмкін! Қате пікір деп айта ал-
маймын. Бірақ, әркімнің басы
бар өз алдына. Адам адам болу
үшін біреуге еліктеудің қажеті
жоқ. Заманына қарай адамы
деп жатады. Заман емес, адам
заманға қарай өзгеріс тудыр-
маса, заман адамды өзгерте
қоймас. Заманның өзгеруіне
тікелей адам баласының
әсері мол. Біреуге я болма-
са шетелдік азаматтар мен
азаматшаларға еліктеушілікте
басым. Бәрін айтпа, бірін айт.
Жанға батары тек, кейбірінің
тәубешіліктерінің болма-
уы. Баяғы заман демей-ақ
қояйын, осыдан бірер жыл
бұрын ғаламтор желісінің
қарыштамай тұрған шағында,
қатты бір қиыншылықтар
туды деп айтпас едік. Қазір
де қиын емес. Тек, дұрыс
қолданбауын да. Әрбір дүниенің



Көктемнің алғашқы күні, «Алғыс айту» күні құтты болсын!

ішінде Қазақстан аумағына
жер аударылғандары 1 милли-
он 200 мың адам екен. Алайда
құжаттарға сүйеніп елімізге
көшірілген халықтың нақты
санын айту өте қиын. Себебі
қоныс аударушыларды әр ай
сайын қайта тіркеу, оның
ішінде жаңадан қосылғандармен
араластырып тіркеу, бір отба-
сын басқа жерге қайта көшіріп
жіберу, туыстардың бөлініп
кетуі, кейбір отбасының қайта
қосылуы секілді жағдайлар өте
көп кездесетін еді. Әр жыл-
дары 800 мыңдай неміс, 102
мың поляк, Солтүстік Кав-
каз халықтарының 550 мың
өкілдері, Қиыр Шығыстан 18,5
мың корей отбасы жер ау-
дарып, көшіп келуге мәжбүр
болған деген деректер бар. Жер
аударылғандар қазақ даласында
көбіне егін шаруашылығымен,
мал өсірумен айналысты. Кейін
барлық өнеркәсіп саласына

өту керек.
Бүгінде Алматы, Батыс
Қазақстан, Жамбыл және
Түркістан облыстарында
«Қазақ еліне мың алғыс» атты
монументтер бой көтерген.
Бұл ескерткіштерді еліміздегі
түрлі этностық топтар ба-
сына күн туған кезде бауырына
басқан қазақтың жері мен еліне
алғыс ретінде өз бастамала-
рымен тұрғызған болатын.
Сонымен қатар елорда төрінде
«Қазақ Елі» монументінің де
бой көтеруі қазақ ұлтының
айналасына топтасу идеясын
күшейте түсті.

Алғыс айту күні әлем
елдерінде қалай тойланып
жүр?

Алғыс айту күні тек біздің
елімізде ғана емес, әлемнің
түкпір-түкпірінде де атап
өтіліп жүр. Мысалы, АҚШ-қа
назар аударсақ, Әлемдік жыл-
намада 1621 жылы ағылшын
колонистерінің бастамасы-
мен күнтізбеге «ризашылық»
білдіретін күн енгізіледі.
Қаһарлы қыста аштықтан
зардап шеккен жұрттың көңіл-
күйін көтеру үшін губернатор
Уильям Брэдфорд Алғыс айту
күнін белгілейді. Айналадағы
басқа да көршілер бұл игі
дәстүрді жақсы ықыласпен
қабылдады. Қараша айының
төртінші бейсенбісінде атап
өтілетін мереке астық жинау
мезгілімен тұспа-тұс келеді.
АҚШ-тағы бұл айтулы күні
әр шаңырақтың мерекелік
дастарханында көкөністер
мен күркетауық тұрады.
Ұлттық күнтізбеге енген осы
мерекенің түпкі идеялық мәні
америкалықтардың өз Кон-
ституциясына ризашылық
білдіруіне негізделген. Осы-
лайша, Алғыс айту күні нағыз
ұлттық мереке ретінде 1863
жылы АҚШ-тағы Азамат
соғысы кезінде тараптарды
бір дастарханға шақырудан
басталды. Өзара келіссөзді
жандандыруға себепші бол-
ды. Ал 1957 жылдан бері Ка-
надада да Алғыс айту күні
қазанның екінші дүйсенбісінде
аталып келеді. Канадада бұл
мерекенің шығу тарихы ауыл
шаруашылығы өнімдерін жи-
наудан бастау алады. Гер-
манияда алғыс айту мей-
рамын «Erntedankfest» деп
атайды, ол қазан айының
алғашқы жексенбісінде егін
алқабында тойланады. Келесі
жылы да егін түсімі осылай
мол болсын деген ниетпен
тамаша табиғатқа, орман,
көкөніс, жеміс-жидек тарту
еткен тағдырға алғыс айта-
ды. Дастарханға Германияның
дәстүрлі тағамдарын, жаңа
піскен көкөніс, жеміс-жидек,
дәнді-дақыл, өзге де дәмді-
тәттілерді қойылады. Бұдан
бөлек Израиль халқы да Сук-
кот мерекесі – алғыс айту
күнін 3000 жылдан бері тойлап
келеді. Шөл далада ауырмай-
сырқамай, аман-сау өмір
сүретініне, тағдырға алғыс ай-
тады.



бір конвенциялар, заңдар,
мәдени құндылықтар бар.
Қоғам мүшелері өзінің
өмірлік іс-әрекетімен оның
негіздерін, дәстүрлерін,
өдет-ғұрыптарын құрайды,
бұл өз кезегінде қоғамдық
қатынастардың үлгісін құруға
негіз болады. Адам – қоғамның
бөлшегі. Тіпті, «даланың бөрісі»
деп, жалғыздықта еркін өмір
сүремін дейтін адамдардың
өзі саналы түрде бір ортаның
мүшесіне айналады. Алды-
мен, елестетіп көріңіз. Сіздің
университетіңізде (сынып,
әріптес) тобыңызға бірлесе
атқаратын топтық жұмыс
ұсынды. Бұл – адамдардың
рөлін анықтауға арналған
ең маңызды құрал. Өйткені,
жауапсыздық, көшбасшыға тән
қасиеттердің барлығы осы
ағанда байқалады. Сонымен,
қоғамда адамдар қандай рөл
атқарады? Алғашқы әрі басты
рөл – көшбасшы:
Көшбасшы адамдар бірден

өзіне тән қолданушылық
ережелері болады. Қазақи
тілмен аласақ, әдеби мен
мәдениеті. Кейбіріміз асыра
сілтеп пайдалансақ, енді біріміз
нормасымен қолданамыз. Міне,
айналып келгенде осының
бәріне алғыс!!!

Алғыс айту күнінің қысқаша
тарихы
Қазақстан халқы бұл мей-
рамды алғаш рет 2016 жылы
атап өтті. Алғыс айту
күнінің этносаралық өзара
іс-қимылдың бірегей инсти-
туты – Қазақстан халқы
Ассамблеясының құрылған
күнімен сәйкес келуінің аста-
рында терең мән бар. Өткен
ғасыр ауыр нәубетпен
сыналған ғасыр болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс
кезінде Кеңес режимі батыс
шекарадағы халықтарды
«сатқындық жасауы мүмкін»
деген жаламен күштеп көшіре
бастады. Бұдан бөлек Қиыр
Шығыстағы азгантай корей
диаспорасын да айдауға сал-
ды. Осы кезде қазақ даласы-
на түрлі ұлттарды жаппай
күштеп көшіру басталды.

1946 жылы Кеңес одағында
жер аударылған халықтардың
жалпы саны 2,5 миллионға
жеткен. Кейбір деректер-
де үш миллионға жуықтаған
деп көрсетіледі. Ал осының

атсалысты. Бұл өз кезегінде
Қазақстан экономикасының да-
муына мол үлес қосты.

Кейін 1957 жылы күштеп жер
аударылған халықтардың өз
отандарына қайтуына рұқсат
берілді. Соған қарамастан,
олардың көбі қазақ жерінде
қалып қойды. Кавказ
халықтары мен немістерге,
түріктерге ғана өз жерлеріне
қайтуға мүмкіндік берілмеді.
Жер аударылғандар Сталиннің
өлімінен кейінгі Хрущевтің
«жылымығы» жылдарын-
да жағдай түзеле бастады.
Осы кезде күштеп қоныс
аударылған халықтардың
қазақ жерінде туып-өскен жаңа
буыны өсіп, өркендеді, олар әр
салада кәсіп етті. Қазақстан
тәуелсіздік алғаннан кейін де
Қазақстанды өз отаны санай-
тын буын ел үшін қызмет етіп
жатыр.

Міне, Алғыс айту күнінің тарихы
әріде жатыр. Көктемнің
алғашқы күнімен қатар
келген бұл күннің басты
мазмұны қазақ еліне кезіндегі
қолғабысы мен қайырымды ісі
үшін алғыс айтуды білдіреді.
Түрі, діні, тілі, мәдениеті,
салт-дәстүрлері басқа этнос
өкілдерін бөтенсімей,
өгейстпей көкірегіне басқан
қазақтың шексіз мейірімі мен
жүрегінің кеңдігін, қазақтың өзі



АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!



Бірінші наурыз – көктемнің алғашқы күні. Жылпарақтағы әр күннің күллі әлем бойынша және картадағы екі жүзден астам мемлекеттің кейбірі үшін өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтқанда, 1 наурыз - Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні. Сондай-ақ Дүниежүзілік балалар телевидениесі мен радиохабар тарату күні. Бұл аталғандар - әлемдік маңыздағы мерекелер. Ал Қазақстан үшін де 1 наурыз - ерекше күн. Осы айтулы күнді пайдалана отырып редакция атынан Ескелді ауданының әкімі Елдос Тұрсынбайұлына және әкімшілік ұжымына шын – жүректен үлкен алғыс білдіреміз!

«Алтын алма, алғыс ал, алғыс деген ел – сыйы!»- деген дана халқымыз. Қашанда халқының жанынан табыла білген, аудан башысына зор денсаулық, сенімділік және сіздің қиын, бірақ сондай маңызды жұмысыңызға сәттілік пен жетістік тілейміз!

Жетісу Шұғыласы
газетінің ұжымы!

Алғыс айту жалпы айтқанда әр адамның ризашылық сезімінен туатын рахметі мен ақ адал көңілі болып табылады. Алғыс айтуды әркім әр қалай түсініп жатады. Бір адамдар болады аузынан рахметі мен алғыс, ризашылығын бүлдіруі деп білемін. Алғыс айту арқылы адамдар арасында түсінбестік жойылып, шыншылдық пен шынайылық орналып, сыйластықтың жол ашуына ықпал етеді. 1-наурыз «Алғыс айту» күні болып ата-

лып келеді. Осы күні алыстағы, көп көріспеген адамдармен телефон арқылы олардың барына, қолдап жүргендеріңіз үшін деп ризашылық көңілмен алғыс білдірсек, олардың көңілдері көтеріліп, бір марқайып қалары сөзсіз. Сонымен қатар, қасымызда жүрген ата-анамыз бен бауырларымызға да шын жүректен алғыс айтып, рахметімізді білдірсек одан асқан қуанышты сәт болмас. Өйткені, ризалықпен айтылған әрбір сөз жанымызға жылу беріп, көңілімізді көтерері анық. Сондықтан, жанымызда жүрген жақындарымызға алғыс айтудан жалықпайық дегім келеді. Өйткені, жанымыздағы адамдарды қуанту арқылы өзіміз де қуанышқа, бақытқа көнелеміз.

Көктемнің алғашқы күніне жеткізген, амандығын сыйлаған Жаратқанға мың алғыс! Нұрын шашып оятып, ұйқымыздан тұрғызатын әрбір таңға мың алғыс! Жанымыздан табылып, біз қуансақ қуанатын, біз мұңайсақ екі есе мұңайтын ата-анамызға мың алғыс! Қандай жағдай болмасын, қасымыздан табылатын бауырларым мен аппақ ақ адал достарыма мың алғыс!

Амандық болсын, еліміз аман, жұртымыз тыныш. Жаратқаным жар болсын, әрбір ісімізді оңды етіп. Сыйластық артып, ынтымақ пен бақ-береке жалғасын таба берсін!

Ақбота Аманжолқызы

1 наурыз – Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні.

Бұл мереке тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқына деген терең тағзымның белгісі болса керек.

1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондай-ақ бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді.

Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кең пейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық. Қайырымдылық – адам баласы бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адами қасиеттердің қадірлісі қайырымдылық болса, ал оны жасау қамқорлыққа зәру жандардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске қолынан келгенше көмектесіп, үлесін қосу адамның азаматтық парызы. Ендеше, көңілді жадырататын жақсылық істеріміз бен айтар алғысымыз көп болсын. Бүгінгі алғыс күнін пайдалана отырып, Ескелді аудандық жұмыс пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бейісбаев Асхат Қалымжанұлы мен Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Далабаева Гауһар Оңалбайқызына, және ұжым қыздарына үлкен алғысымды білдіремін. Сіздерді елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша Қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған айтулы

мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ - береке тілеймін!

Кешубайдың Айманы
Ескелді ауданының құрметті азаматы
ҚР Білім үздігі



АЛҒЫС !!!



Мен, Ошанова Р.О. өз медицина қызметкерлері: Амиргалиева А, Сейтқожаев Н, Абайонар ұжымына білдіргім келеді. М-ға алғысым шексіз. Сіздерге жұмыстарына өте тиянақты, мейірімді ақ халатты абзал жандар.

Бөлім меңгерушісі Нурмадиев Д.С-қа, аға медбикесі Баритқазыева А.Е-ға, орта

жұмыстарыңызға табыс, дендеріңізге саулық тілеймін. Еңбектеріңіз еленіп жүре беріңіздер.

Р Ошанова
Алғыс білдіруші

АЛҒЫС!!!

Ауру адамның жұқпалы заттарымен монша, сауна және бассейнге барғанда



Құрметті Айгүл Әлеуметовна!! Абзал жанды, ақ халатты Айгүл Әлеуметқызы қызметіңізге адал және кіршіксіз көңіліңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

Ата-ана ретінде өз қызымның денсаулығына алаңдамай, Сіздің қамқорлығыңызда болғаны

біз үшін маңызды. Сізге және отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілеймін. Еңбек жолыңызда талмай еңбек, балаларға деген шапағатыңызды тегіп, қарқоршы болып жүре беріңіз.

Мадина КАСЕНОВА,
Ізгі ниетпен

ХАЛҚЫМА АЛҒЫС !!!



Бабаларым, Рақмет сендерге! Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын, Домбыраңның пернесінен іздедім. Іздедім де сәттерімде түңілген, Тастап кеткен аңызыңа жүгінсем. Жүгінсем де, қайта туғам, тірілгем: Тарихымды жазудамын бүгін мен, Бабаларым, сенің Ана тіліңмен! Халқыма алғыс!

Елім мен жерімің амандығы үшін! Бірлігі ұйығынан тыныштығым үшін. Отанымның өсіп – өнуіне, гүлденіп әлемім дамуына шексіз алғыс білдіремін! Ата-бабаларым қиында қастерлі кезеңді бастан өткерген. Ендігі ешкімнің басына бермесін! Заманымыз тыныш-еліміз аман, жұртымыз берекелі және мерекелі болсын! Билік пен халық арасындағы өзара ынтымақтастыққа шексіз шүкіршілік етемін. Халық айтса, қалт айтпайды. Халық үніне құлақ түрген өкіметке алғысым шексіз. Аман-есен, аяққа тұруға, жеке басымызды алып жүруге, жеке кәсіп бастауға көп ықпал жасауда. Осыған да шүкір. Мемлекетіміз жан-жақты даму үстінде. Ешкімнің көзі тимесін. Бір-бірімізге деген алғысымыз көп, ынтымағымыз берік, жұмысымыз берекелі, ел іргесі тыныш болсын!

Марат ҚАЖЫКЕН,
Ауыл тұрғыны

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

